

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті төрағасының
201_ жылғы «__» _____
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық**

ФИЛЬТРУМ®

Саудалық атауы

Фильтрум®

Халықаралық патенттелмеген атауы

Жоқ

Дәрілік түрі

Таблеткалар

Құрамы

Бір таблетканың құрамында:

белсенді зат:

гидролизді лигнин (100 % затқа шаққанда) – 400.00 мг;

қосымша заттар: повидон К 17 (поливинилпирролидон) – 54.66 мг, тальк – 13.00 мг, кальций стеараты – 9.75 мг, коллоидты кремнийдің қостотығы – 6.50 мг, натрий кроскармеллозасы – 6.50 мг, микрокристалды целлюлоза салмағы 600.00 мг таблетка алғанға дейін.

Сипаттамасы

Күңгірт-қоңыр түсті, сұрдан қоңыр түске дейінгі теңбілдерімен, сызығы бар, капсула тәрізді екі жағы дөңес таблеткалар.

Фармакотерапиялық тобы

Ас қорыту жолы және зат алмасу. Диареяға қарсы препараттер. Ішек адсорбенттері. Басқа да ішек адсорбенттері.

АТХ коды: А07ВС

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Лигнин асқазан-ішек жолында сіңірілмейді, 24 сағат ішінде толығымен ішектен шығарылады.

Фармакодинамикасы

Фильтрум® – ағаштың құрамдас бөліктерінің гидролиздік өнімдерінен

тұратын табиғи энтеросорбент, құрылымдық элементтері фенилпропан және гидроцеллюлоза туындылары болып табылатын лингин полимері. Жоғарғы дәрежеде сіңіргіш әсерге және спецификалық емес уытсыздандыратын әсерін ие.

Патогендік бактерияларды, бактериялық токсиндерді, дәрілік препараттарды, улы, ауыр металдардың тұздарын, алкогольді, аллергияларды, сондай-ақ зат алмасуының кейірі өнімдерінің шамадан тыс бөлігін, оның ішінде билирубин, холестерин, мочевина, эндогендік токсикоздың пайда болуына жауап беретін метаболиттерді байланыстырады және оларды организмнен шығарады.

Қолданылуы

- дәрілік препараттармен, алкалоидтармен, ауыр металдардың тұздарымен, алкогольмен жедел уланулар
- тағамдық токсикоинфекция, сальмонеллез, дизентерия (кешенді ем құрамында)
- айқын уыттанумен қатар жүретін іріңді-қабыну аурулары
- гипербилирубинемия және гиперазотемия (бауыр және бүйрек жеткіліксіздігі)
- тамақтан және дәріден аллергия
- зиянды өндірістің жұмыскерлеріндегі созылмалы уыттанулардың профилактикасы

Қолдану тәсілі және дозалары

Ересектерде және 0 айдан бастап балаларға шығу тегі әр түрлі экзогенді және эндогенді уыттану кезінде уытсыздандырғыш дәрі ретінде. Ішке, 6 жасқа дейінгі балаларға – тамақтанудың алдында және басқа дәрілік заттарды қабылдау алдында 1 сағат бұрын алдын ала ұнтақтап және 5-10 мл тазартылған суға еріту керек.

Препарат дозасы жасқа, дене салмағына және аурудың ауырлығына байланысты, 0-ден 6 айға дейінгі балаларға орташа бір реттік доза таблетканың 1/4, күніне 3 рет; 6 айдан 1 жасқа дейінгі балаларға күніне 3 рет – таблетканың 1/2; 1-3 жас – ½ -1 таблетка күніне 3 рет; 4 - 7 жас – 1 таблетка күніне 3-4 рет; 7-12 жас – 1-2 таблетка күніне 3-4 рет; ересектерге – 2-3 таблетка күніне 3-4 рет.

Жедел жағдайларда емнің ұзақтығы 3-5 күн, аллергиялық ауруларда және созылмалы уыттануларда 14-21 күн.

Қайталанған курстар тек қана дәрігердің ұсынысы бойынша жүргізілуі тиіс.

Жағымсыз әсерлері

Сирек

- аллергиялық реакциялар
- іштің қатуы
- дәрумендердің, кальцийдің сіңірілуінің бұзылуы

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препараттың жеке жақпаушылығы
- асқазан және 12 елі ішек ойық жара ауруының асқынуы, ішек атониясы

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Кейбір ішке қабылданатын препараттарды бір мезгілде қолданғанда, олардың емдік әсері төмендеуі мүмкін.

Айрықша нұсқаулар

Препараттың бөлек қабылданатын ережесін сақтаған кезде басқа дәрілік препараттармен біріктіріп кешенді ем түрінде қолдануға болады.

Жүктілік және лактация

Қолдануда шектеулер жоқ.

Дәрілік заттың автокөлікті немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Әсер етпейді.

Шығарылу түрі және қаптамасы

Таблеткалар, 400 мг

10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамада.

1 немесе 5 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Сақтау шарттары

Құрғақ, жарықтан қорғалған жерде 30° С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз.

Өндіруші/қаптаушы:

«АВВА РУС» АҚ, Ресей

610044, Киров қ., Луганск к-сі, 53а үй.

Тел.: +7 (8332) 25-12-29; + 7 (495) 956-75-54

avva.com.ru filtrum.eu

Тіркеу куәлігі иесінің атауы және елі

«АВВА РУС» АҚ, Ресей.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері

«AVVA Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы
050057, Алматы қ., Бұхар жырау к-сі, 66/120-үй, 101-2 кеңсе.

Тел. 8 (727) 274-11-17.

e-mail: info@avva-rus.ru